

Абуов М. Б.*

PhD докторант

Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы

Мемлекеттік басқару академиясы

Астана қ., Қазақстан,

e-mail: m.abuov@apa.kz

ORCID: 0009-0006-5530-5380

Дуламбаева Р. Т.

э.ғ.д., профессор

Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы

Мемлекеттік басқару академиясы

Астана қ., Қазақстан

e-mail: r.dulambayeva@apa.kz

ORCID: 0000-0003-3942-8875

АУДИТ АРҚЫЛЫ ДЕБИТОРЛЫҚ БОРЫШПЕН КҮРЕС: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН АЗАЙТУ ЖОЛЫ

Аңдатпа. Мақалада қаржылық бұзушылықтардан кейін пайда болған дебиторлық берешек пен Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің тапшылығы арасындағы байланыс талданған. Ресми деректерге сәйкес, 2025 жылы Қазақстандағы мұнайға қатысты емес бюджет тапшылығы шамамен 11,0 трлн теңгені құрайды. Бюджет тапшылығын жабу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қордың қаражатын, сондай-ақ ішкі және сыртқы қарыздың ақшасын қолданып келеді. Бюджет тапшылығын дебиторлық берешекті төмендету арқылы азайту, осы шараға жауапты тұлғаны заңнамамен бекіту, аудит объектісінің ішіндегі мүдделер қақтығысын болдырмау үшін аудитті жүргізу ережелеріне өзгеріс енгізу, сондай-ақ, жеке сот отырдаушылардың құзыретін арттыру шараларын ұсынады.

Зерттеу барысында айнымалылар арасындағы, атап айтқанда тапшылық пен мемлекеттік мекемелердегі дебиторлық берешек арасындағы корреляциялық талдау сияқты зерттеу әдісі қолданылды. Ағымдағы позиция мен қалаған нәтиже арасындағы айырмашылықты анықтау үшін GAP талдауы да жүргізілді. Пирсон коэффициенті сандық деректер арасындағы байланыстың беріктігін анықтау үшін қолданылды.

Түйін сөздер: бюджет тапшылығы, қаржылық бұзушылықтар, мүдделер қақтығысы, салықтық емес түсімдер, дебиторлық берешек.


КІРІСПЕ

Елдің маңызды экономикалық көрсеткіштерінің бірі – бюджет тапшылығы. Қазақстанның Бюджет кодексіндегі анықтамасында «бюджет тапшылығы» кірістер мен шығыстар, таза бюджеттік несиелеу және қаржы активтерімен операциялар сальдосы арасындағы айырма нәтижесінде анықталатыны көрсетілген.

«Қазақстан-2050» Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясында «Біз бюджеттік саясаттың жаңа принципімен қарулануға тиіспіз – қаражатты өзіміздің мүмкіндігімізге қарай жұмсауымыз қажет. Бірде-бір бюджеттің теңгесі босқа жұмсалмауы керек» делінген. [1] Осы стратегияда Қазақстанның бюджет тапшылығын азайтуға бағытталған бюджеттік саясаты қарастырылған.

Алайда, елімізде бюджет тапшылығы мәселесі жыл сайын сақталып келеді. Республикалық бюджет тапшылығы кірістер мен шығындарды есепке ала отырып алдын ала жоспраналады, сондай-ақ заңмен бекітіледі:

1-сурет. 1998-2024 жылдар аралығындағы Қазақстанның жоспарланған бюджет тапшылығы мен оның ЖІӨ-дегі үлесі



Ескерту: авторлармен дереккөз негізінде әзірленген [2]

Көк сызықпен көрсетілген заңмен жоспарланған бюджет тапшылығы жыл сайынғы оның артуын көрсетіп отыр. «2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, 2025 жылы бюджет тапшылығы 4,1 трлн теңге, бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы – 11,0 трлн теңгені құрайды. Екінші жағынан бюджеттік тапшылық кеінгі жылдары –ЖІӨ-нің 2,7% көрсетіп, тұрақтылықты белгілеп отыр. [3]

Бюджет тапшылығының жыл сайынғы өсуі әсер ететін факторлардың бірі – қаржылық тәртіпті сақтамаудың нәтижесінде пайда болған дебиторлық берешекті азайту, яғни салықтық емес түсімнің төмен деңгейде тұрғаны бойынша проблеманы зерттеу тақырыптың өзектіліктігін көрсетеді. Дебиторлық берешек деп мемлекеттік мекемелерге заңды және жеке тұлғалардың қарыз сомасын айтады. Бұл сома салықтық емес түсім ретінде мемлекетке кірістеледі.

Бюджет тапшылығын жабу үшін Үкіметіміз ішінара Ұлттық қордың қаражатын қолданып келеді. Алайда жыл сайын Ұлттық қордың активтерін бюджет тапшылығын жабу үшін пайдалану, Қазақстанның 2030 жылы 100 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайту туралы мақсатына қол жеткізуге кері әсерін тигізіп келеді. [4]

Ескеретін жағдай, бюджет тапшылығын қадағалау үшін Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасымен келесі негізгі мақсатты индикаторлар жоспарланған:

1. Мұнайға қатысты емес тапшылық деңгейін ЖІӨ-ге қатысты 5%-ға дейін төмендету;
2. Бюджет тапшылығын ЖІӨ-ге қатысты 2%-ға дейін төмендету. [5]

Бұл жұмыстың мақсаты – бюджет тапшылығының ұлғаюына қаржылық тәртіптің сақталуы, оның ішінде салықтық емес түсімдердің аз түсуін зерттеп, тиісті ұсыныстар жасау. Мақсатқа жету үшін бұдан бұрын жүргізілген тәжірибелерге шолу жасалды, сондай-ақ статистикалық ақпараттарды пайдаланып арнайы талдау жүргізілді.

Зерттеудің гипотезасы – бюджет тапшылығының қаржылық бұзушылықтардан пайда болған мемлекеттік мекемелердегі дебиторлық берешекті жабу арқылы түсетін түсімдерге айтарлықтай байланысы бар деп пайымдау.

Авторлар бюджетті тиімді бөлу, қаржылық бұзушылықтарды барынша азайту, яғни мемлекеттік бюджетті басқарудың алдын алу шараларын қолдану, тұрақты болашаққа жол ашады және экономиканың дамуына оң әсер етеді деп нық сенеді, бюджет тапшылығы мен қаржылық тәртіпті сақтамаудан пайда болатын дебиторлық берешектің арасындағы байланыстың беріктігін анықтау үшін тиісті зерттеулер жүргізді.

ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Көптеген авторлар бюджет тапшылығы проблемасын, оның пайда болу себептерін салықтық және салықтық емес түсімдердің өзгерістер тұрғысынан әсері, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларға, білім беру, денсаулық сақтау және т.б. шығындардың өсуіне қатысты екенін зерттеді.

Әлемдік тәжірибе бойынша көптеген елдердің бюджеттері бюджет тапшылығына жол беріп келеді. Өйткені мемлекеттің жыл сайын тапшылықсыз бюджетті қабылдауға ұмтылысы экономикадағы циклдік ауытқуларға алып келуі мүмкін, атап айтқанда, негізгі шығындарды қысқарту мен салықтардың шамадан тыс өсуі.

Екінші жағынан, созылмалы бюджеттік тапшылық пен әлсіз бақылау бюджеттік дефолтқа әкелуі мүмкін.

Мысалы, Еуропалық Одақ ережелеріне сәйкес, бюджет тапшылығының рұқсат етілген шекті мәні ЖІӨ-нің 3%-ын құрайды. Алайда, 2023 жылдың соңында Франция, Италия, Венгрия, Бельгия, Мальта, Польша және Словакия 4%-дан астам бюджет тапшылығына жол берді, нәтижесінде Еуропалық Одақ кеңесі тергеу жүргізуді тапсырды.

Жалпы елдерде бюджет тапшылығының болуы жағымсыз құбылыс ретінде түсіндіріледі. Дегенмен, басқа да пайымдаулар бар.

Ағылшын экономисі, кейнсиандық қозғалыстың негізін қалаушы Джон Мейнард Кейнс мемлекеттік шығындардың өсуі, бюджет тапшылығына жол беріп, жалпы сұраныс пен экономикалық дамуды ынталандыруда маңызды рөл атқара алады деп санайды (1936). [6]

Сонымен бірге, Альфред Нобельді еске алуға арналған экономика саласындағы сыйлықтың лауреаты, америкалық Милтон Фридман өзінің «Капитализм және бостандық» (1962) кітабында мемлекеттік шығындарды көбейтіп, бюджет тапшылығына жол беру арқылы экономикалық өсу мен тұрақтылыққа еркін нарық арқылы қол жеткізілетінін дәлелдеген. [7]

Алайда, қазіргі таңдағы атақты қаржыгер Джордж Сорос тапшылық қаржылық тұрақтылыққа қауіп төндіруі мүмкін деп жазады, осыған байланысты мемлекеттің фискалдық саясатына жауапкершілікпен қарау керектігін айтады. [8]

Бюджет тапшылығының экономикалық тұрақтылыққа тигізетін әсерін Стэнли Фишер, Кармен Рейнхард, Кеннет Рогофф, Оливье Бланшар және т.б. көптеген атақты ғалымдардың еңбектерінен табуға болады, олардың пікірінше, бюджет балансын бақылау қажет. Өйткені бұл мемлекеттік қарыздың өсуіне байланысты проблемаларға әкеледі.

Ал 2024-2025 жылдардағы Scopus және Web of Science деректер қорында осы тақырып бойынша келесі ғалымдар зерттеулер жасаған:

Канадалық және Сингапурлық ғалымдар Миньцзе Дэн мен Чан Лю бюджеттік тұрақтылықты қатаң сақталатын мемлекеттік облигациялармен қол жеткізуге болатынын пайымдаған. [9]

Фискалдық ережелердің бюджет тапшылығына әсерін және оған демократияның қатысын Салыстырмалы экономика журналында 2025 жылы Бернар Клери, Номо Бейала, Жан Пьер Фуда Овунди зерттейді. Олар 1985-2021 жылдар аралығындағы ақпаратты пайдаланып, 97 елдің іріктемесін талдап, фискалдық ережелердің бастапқы бюджет тапшылығын азайтатынын айтады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижесі фискалдық ережелер күшінің шамалы өсуі әлсіз демократиялық елдерде бюджетті азайтатынын көрсетеді, мықты демократиялық елдерде өзгеріс байқалмайды. [10]

Вишал Шарма, Масудул Хасан Адиль, Сана Фатима Үндістан мысалында бюджет тапшылығының тұрақтылығы мен кіріс-шығыс байланысын Грегори-Хансен коинтеграция

тесті, Тода-Ямамото тәсілі сияқты эконометриялық тәсілдерді қолданып, сондай-ақ, E-views бағдарламалық құралын пайдалып, әртүрлі зерттеу жүргізеді. Зерттеу үкіметтерге бюджет тапшылығының көлемін азайту, ақша-несие және айырбас бағамы саясатын жүзеге асыруды оңтайландыру және жеке сектор жетекшілік ететін дамуға жәрдемдесу үшін салықтық шоғырландыру және сарабал фискалды саясат жүргізу қажет деп тұжырымдайды. [11]

Алайда, бұрынғы зерттеулер бюджет тапшылығы мен қаржылық тәртіпті бұзудан шығатын мемлекеттік мекемелердегі дебиторлық берешек арасындағы байланыс жеткілікті түрде зерттелмегенін, сондай-ақ проблемалардың бар екенін көрсетеді.

Өйткені 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда мемлекеттік мекемелердің дебиторлық берешектің бар жоғы 0,53% мемлекет пайдасына қайтарылған. Бұл көрсеткіш мақаланын зерттеу бөлімінде талданады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Зерттеу бюджет заңнамасы, салыстырмалы талдау, уәкілетті органдардың есебі мен статистикалық мәліметтері, халықаралық әдебиеттер мен зерттеу материалдары негізінде жүргізілді.


Біздің зерттеулерімізде жүйелеу, нормативтік құжаттарды талдау секілді ғылыми зерттеу әдістерінен басқа да әдістер қолданылады. Жұмысты түсінуге және оңтайландыруға, айнымалылардың байланысын көрсетуге мүмкіндік беретін корреляциялық талдаудың бір бөлігі болып табылатын Пирсонның коэффициенті қолданылды, сондай-ақ GAP-талдау арқылы тапшылықты жан-жақты қарастырып, оның тудыратын қатерлері анықталды.

Тапшылықты реттеу кезінде оған тікелей байланысты бюджеттік кірістер мен шығындарды ғана емес, мүдделер қақтығысына мән беру керегіне зерттеу жүргізілді.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУ

Алдымен бюджет тапшылығы елімізде жыл сайын заңмен бекіту арқылы жоспарланатынын жоғарыда көрсеттік. Ал енді жоспарланған бюджет тапшылығы мен нақты болған тапшылықты салыстырмалы түрде көрсетсек:

2-сурет. 1998-2024 жылдар аралығындағы Қазақстанның жоспарланған бюджет тапшылығы мен нақты бюджет тапшылығы (номиналды бағада), тренд сызығымен



Ескерту: авторлар дереккөз негізінде әзірлеген[12]

Суретте нақты бюджет тапшылығы 2006-2010 жылдарды қоспағанда, жоспарланған тапшылықтан қатты ауытқу болмағандығын көрсетіп отыр.

Оны дәлелдеу үшін Пирсонның корреляциялық коэффициентін қолданып есептедік:

$$r_{xy} = \frac{\text{cov } x y}{\sigma_x \sigma_y} = \frac{\sum (x - \bar{x})(y - \bar{y})}{\sqrt{\sum (x - \bar{x})^2 \sum (y - \bar{y})^2}}$$

Мұндағы,

$$\bar{x} = \frac{1}{n} \sum_{t=1}^n x_t, \quad \bar{y} = \frac{1}{n} \sum_{t=1}^n y_t \quad - \text{таңдаудың орташа мәні.}$$

Пирсонның корреляциялық коэффициентін оңтайлы есептеу үшін Excel бағдарлама-сында КОРРЕЛ (массив1;массив2) формуласы қолданылды. Нәтижесінде Пирсонның корреляциялық коэффициенті **R=0,9672** көрсетіп отыр.

Пирсонның корреляциялық коэффициенті келесі шамада шығады: $-1 \leq r_{xy} \leq 1$.

Біздің алған нәтижеміз оң сан, сондай-ақ 1-ге жақын болғандықтан екі көрсеткіш тікелей байланда және Қазақстандағы уәкілетті органдардың жоғарғы деңгейдегі сапалы жоспарлауын көрсетті.

Сондай-ақ тренд сызығы тапшылықтың номиналды бағада тұрақты түрде өсіп келе жатқанын көрсетіп тұр.

Ендеше зерттеудің сапасын арттыру үшін бюджет тапшылығын нақты бағаға келесі формуламен ауыстырып көрдік:

$$\text{Нақты баға} = \frac{\text{Атаулы баға}}{1 + \text{Инфляция деңгейі}} \quad \text{Нәтижесінде келесі ақпарат шықты:}$$

1-кесте. 1998-2024 жылдар аралығындағы Қазақстанның жоспарланған бюджет тапшылығы мен нақты бюджет тапшылығы (нақты бағада)

(млрд тг)

Жыл	Инфляция (%)	Номиналдық (атаулы) бағада		Нақты бағада	
		Бюджет тапшылығы (жоспар)	Нақты бюджет тапшылығы	Бюджет тапшылығы (жоспар)	Нақты бюджет тапшылығы
1998	1,9	-111	2	-108,5	2,0
1999	17,8	-67	3	-56,9	2,4
2000	9,8	-62	3	-56,8	3,0
2001	6,0	-27	3	-25,7	3,2
2002	6,6	-80	3	-75,5	3,1
2003	6,8	-83	-49	-77,6	-46,2
2004	6,7	-93	-12	-86,8	-11,3
2005	7,5	-114	47	-105,8	43,5
2006	8,4	-126	82	-116,5	75,3
2007	18,8	-230	215	-193,3	181,2
2008	9,5	-334	333	-305,3	304,3
2009	6,2	-574	493	-540,1	463,9
2010	7,8	-804	-527	-745,5	-489,1
2011	7,4	-730	-569	-680,1	-529,4
2012	6,0	-983	-890	-927,5	-839,9
2013	4,8	-791	-701	-754,3	-668,8
2014	7,4	-1 083	-1 087	-1 008,2	-1 011,8
2015	13,6	-1 258	-916	-1 107,1	-806,1
2016	8,5	-903	-738	-832,0	-679,9
2017	7,1	-1 486	-1 455	-1 387,4	-1 358,8


Жыл	Инфляция (%)	Номиналдық (атаулы) бағада		Нақты бағада	
		Бюджет тапшылығы (жоспар)	Нақты бюджет тапшылығы	Бюджет тапшылығы (жоспар)	Нақты бюджет тапшылығы
2018	5,3	-883	-833	-838,8	-791,1
2019	5,4	-1 365	-1 285	-1 294,7	-1 219,5
2020	7,5	-2 459	-2 806	-2 287,2	-2 610,4
2021	8,4	-2 760	-2 535	-2 545,8	-2 338,4
2022	20,3	-2 978	-2 169	-2 475,7	-1 803,1
2023	10,8	-3 209	-2 811	-2 895,8	-2 537,1
2024	8,5	-3 671	-3 586	-3 383,3	-3 305,1

Ескерту: авторлар дереккөз негізінде есептеген[2]

Нақты бағамен есептегенде де Пирсонның корреляциялық коэффициенті $R=0,9678$ көрсетті. Нәтиже Қазақстанда бюджет тапшылығын жоспарлау және оны атқару мен қадағалау жоғарғы деңгейде екенін білдіреді.

Ал енді қаржылық бұзушылықтардың нәтижесінде болатын мемлекеттік мекемелердегі дебиторлық берешектен түсетін салықтық емес түсімнің төмендігі бюджет дефицитіне кері әсер ететін тиісті зерттеу үшін басқа ақпараттар жинақталып, келесі суретте көрсетілді:

3-сурет. 2004-2024 жылдар аралығындағы Қазақстанның нақты бюджет тапшылығы мен дебиторлық берешегі



Ескерту: авторлар дереккөз негізінде әзірлеген [13]

Суреттегі графикаға қарап жыл сайынғы бюджет тапшылығының теріс көрсетшінің артуы мен мемлекеттік мекемелердегі дебиторлық берешектің де артуын көруге болады. Осы екі айнамаыны Пирсонның корреляциялық коэффициентімен есептегенде $R= - 0,8409$ мәнін көрсетті. Бұл жағдай кері және жоғарғы байланыс деңгейін көрсетіп отыр.

Ал енді дебиторлық берешектің мемлекет пайдасына қайтарылу үлесін анықтағанда осындай нәтиже берді:

2-кесте. 2004-2024 жылдар аралығындағы дебиторлық берешегі мен оны бюджетке қайтару үлесі

Жылдар	Мемдекеттік бюджеттің дебиторлық берешегі (млн тенге)	Дебиторлық берешектің мемлекет пайдасына қайтарылуы (млн тенге)	Бюджетке қаражаттың қайту үлесі (%)
2004	14 945	239	1,60%
2005	23 402	448	1,91%
2006	28 236	237	0,84%
2007	58 543	216	0,37%
2008	53 682	244	0,45%
2009	72 782	1 212	1,67%
2010	83 470	1 037	1,24%
2011	26 464	5 381	20,33%
2012	28 253	1 766	6,25%
2013	34 045	4 708	13,83%
2014	80 859	3 686	4,56%
2015	43 276	1 017	2,35%
2016	37 478	2 580	6,88%
2017	63 584	2 345	3,69%
2018	467 384	2 821	0,60%
2019	573 940	2 169	0,38%
2020	695 257	6 775	0,97%
2021	715 812	3 707	0,52%
2022	1 152 795	3 052	0,26%
2023	1 555 238	3 348	0,22%
2024	2 380 108	12 706	0,53%

Ескерту: авторлар дереккөз негізінде әзірлеген [14]

Бұл нәтиже жыл сайынғы дебиторлық берешектің мемлекетке қайтарылу деңгейінің 1%-ға да жетпейтінін, сын көтермейтін деңгейде екенін көрсетті.

Ал енді осы нәтижені әрі қарай зерттеу мақсатында сапалық талдаудың бір түрі – GAP талдау келесіні көрсетіп отыр:

4-сурет. Дебиторлық берешек бойынша GAP талдау нәтижесі

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

1. 2024 жылдың соңындағы бюджет тапшылығы 3 586 млрд теңге.
2. Осы кезеңде дебиторлық берешек бойынша бюджетке кіріс 13 млрд теңге.
3. Бұл ретте Қазақстан Республикасының дебиторлық берешегі 2 380 млрд теңге.
4. Дебиторлық берешек көлемі жылдан жылға артып отыр. 5. Жауапты тұлғалар нормативтік құжаттарда қарастырылмаған.
6. Ақпараттық жүйелер цифрланған (E.MINFIN.KZ), алайда ақпарат егжей-тегжейлі енгізілмейді (кім борышкер, себептері, қолданылған шаралар көрсетілмейді).
7. Жеке сот орындаушыларға құзырет шектелген.

АЛШАҚТЫҚ

1. Қазақстанда салықтық емес түсімдер төмен.
2. 2024 жылы дебиторлық берешектің түсуі дебиторлық берешек сомасының 0,53% құрайды.
3. Нормативтік база әлсіз.
4. Дебиторлық берешек туралы ақпарат егжей-тегжей жарияланбаған.
5. Берешекті азайтуға жауапкершілік заңдарда бекітілмеген.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

1. Дебиторлық берешек минималды деңгейде.
2. Дебиторлық берешекті өтеу арқылы бюджет тапшылығын азайту.
3. Жауапкершілік пен есеп беру айқын.
4. Мүдделер қақтығысын жою арқылы өтеуді белсендіру.

Ескерту: авторлар әзірлеген

Зерттеу нәтижелері дебиторлық берешектің қарқынды өсуін, алайда мардымсыз деңгейде бюджетке кірістелетінін көрсетіп отыр.

Авторлардың нормативтік құжаттарды талдау нәтижесі дебиторлық берешектің азаймауы келесі себептермен байланысты екені түсіндіріледі:

1. Борышкерлердің табысының болмауы;
2. Жеке сот орындаушыларға құзыреттің шектелуі;
3. Мүдделер қақтығысы мен өндіріп алу үшін сот шешімдерінің болмауы.

Бұл себептерді егжей-тегжей қарастырсақ: борышкерлердің дебиторлық берешекті жабуға қаржысының болмауы объективті жағдай ретінде қарастырылады. Табыс пайда болған жағдайда жабылады.

Алайда, дебиторлық берешекті өндіріп алуға қатысты екі күрделі мәселе анықталды:

Мемлекеттік мекемелерде тексеріс аяқталғаннан кейін анықталған қаржылық бұзушылықтар дебиторлық берешек ретінде танылады.

Оларды өндіріп алу үшін тексерген орган аудит объектісіне орындауы үшін міндетті құжат болып табылатын – «нұсқама» жолданады. [15]

Бұдан әрі, нұсқаманы орындау үшін тексеру объектісі өзіне-өзіне талап арыз беруі тиіс. Мемлекеттік мекеменің мүдделерін сотта қорғау заң қызметінің міндеті болып саналады. [16]

Бір мемлекеттік мекемеде заң бөлімінің өзінің басшылық құрамына арыз беруі мүдделер қақтығысына алып келеді. Нәтижесінде сотқа талап арыздар сапасыз берілуі, кей жағдайда тіптен ұзақ уақыт берілмей қалуы мүмкін.

Сапасыз талап арыздан кейін өндіріп алуға сот бас тартқан жағдайда дебиторлық берешек мемлекет мүддесіне өндірілмей, есептен шығарылады. [17]

Нәтижесінде мемлекет бұл қаражатты ешқашан алмайды.

Дебиторлық берешекті жабу үшін жеке сот орындаушыларына шектеу қойылған. Оларға өндіріп алу мөлшері бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын соманы мемлекет пайдасына өндіріп алуға болмайды. [18]. Сондықтан берешекті мемлекетке қайтару құралдарының негізгі бір түрі – жеке сот орындаушыларының қабілеті елімізде пайдаланылмайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижелерінде нормативтік-құқықтық актілер жүйесін жетілдіру арқылы қол жеткізуге болатын келесі маңызды қорытындылар жасалынды:

1. Бюджет тапшылығын салықты көбейту арқылы кәсіпкерліктің дамуына кедергі болмай-ақ, дебиторлық берешекті уақытында жауып отыру арқылы азайтуға болады;

2. Дебиторлық берешектің жабылуын арттыру үшін №1072 Үкімет қаулысының 8-тармағына дебиторлық берешекпен күресті – заң бөлімдерінің негізгі міндеті ретінде бекіту қажет;

3. Аудит объектісі дебиторлық берешекті өндіріп алу кезіндегі мүдделер қақтығысын болдырмау үшін, талап арызды аудит объектісі емес, аудит жүргізген орган беруі тиіс. Ол үшін «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңға, сондай-ақ №392 Ережеге өзгеріс енгізу қажет;

4. Мемлекеттің дебиторлық берешекпен күресін күшейту үшін «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 138-бабы 1-тармағы тармақшасындағы шектеуді алып тастап жеке сот орындаушыларына толық құзірет беру қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).

2. Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті туралы заң. [Электрондық ресурс]. URL <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000201> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).

3. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы № 141-VIII 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңы. [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2400000141> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).
4. Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсы. [Электрондық ресурс]. URL: <https://primeminister.kz/ru/news/aktivy-natsfonda-k-2030-godu-planiruetsya-uvlechit-do-100-mlrd-28673> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығы. [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001005> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).
6. Джон М. К. Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.marxists.org/reference/subject/economics/keynes/general-theory/index.htm> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).
7. М. Фридман «Капитализм және бостандық». [Электрондық ресурс]. URL: https://ptab1943.narod.ru/friedman_capitalismfreedom.html (қол жеткізген күн: 12.06.2025).
8. Дж. Сорос жаһандық қаржы дағдарысының бірінші толқыны. [Электрондық ресурс]. URL: <https://library.asue.am/open/2525.pdf> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).
9. Миньцзе Дэн, Чан Лю (2025). Теңгерілген бюджет ережелері бойынша мемлекеттік қаржыландыру. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1094202525000067> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).
10. Б. К. Номо Бейала, Ж. П. Фуда Овунди (2025). Фискалдық ережелердің бюджет тапшылығына әсері. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0147596725000046>.
11. В. Шарма, М. Х. Адиль, С. Фатима (2024). Үндістандағы бюджет тапшылығының тұрақтылығы мен кіріс-шығыс байланысын қайта қарау. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S2950524024000209> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).
12. Статистикалық бюллетень. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/details/792959?lang=ru> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).
13. Статистикалық бюллетень. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/1?lang=ru&title=статистический%20бюллетень> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).
14. Статистикалық бюллетень. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/2?lang=ru&title=%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9%20%D0%B1%D1%8E%D0%BB%D0%BB%D0%B5%D1%82%D0%B5%D0%BD%D1%8C>.
15. Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығы, 118-т. [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016689> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).
16. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органының заң қызметі туралы үлгі ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қарашадағы N 1072 Қаулысы, 8-т. [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060001072> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).
17. Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығы, 15-т. [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V100006443>.
18. Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы, 138 б. [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261> (қол жеткізген күн: 12.06.2025).

REFERENCES

1. «Qazaqstan-2050» Strategiasy qalyptasqan memlekettiñ jaña saiasi baғыty [The Strategy «Kazakhstan-2050» is a new political direction of the state]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (accessed: 12.06.2025).
2. Qazaqstan Respublikasynyñ respublikalyq büdjetі turaly zañ [The Law on the Republican Budget of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000201> (accessed: 12.06.2025).
3. Qazaqstan Respublikasynyñ 2024 jylғы 4 jeltoqsandaғы № 141-VIII 2025 – 2027 jylдарға арналған respublikalyq büdjet turaly zañы [Law of the Republic of Kazakhstan No. 141-VIII dated December 4,

2024 On the Republican Budget for 2025-2027]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2400000141> (accessed: 12.06.2025).

4. Qazaqstan Respublikasynyñ Premier-Ministriniñ resmi aqparattyq resursy [Official information resource of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. URL: <https://primeminister.kz/ru/news/aktivy-natsfonda-k-2030-godu-planiruetsya-uvlichit-do-100-mlrd-28673> (accessed: 12.06.2025).

5. Qazaqstan Respublikasynyñ memlekettik qarjysyn basqarudyñ 2030 jylğa deingı tüjyrymdamasyn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2022 jylğy 10 qyrküiektegı № 1005 Jarlyğy [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 1005 dated September 10, 2022 on approval of the Concept of Public Finance Management of the Republic of Kazakhstan until 2030]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001005> (accessed: 12.06.2025).

6. Jon M. K. Jümyspen qamtu, paiyz jäne aqşanyñ jalpy teoriasy [The General Theory of Employment, Interest, and Money]. [Electronic resource]. URL: <https://www.marxists.org/reference/subject/economics/keynes/general-theory/index.htm> (accessed: 12.06.2025).

7. M. Fridman «Kapitalizm jäne bostandyq» [Capitalism and Freedom]. [Electronic resource]. URL: https://ptab1943.narod.ru/friedman_capitalismfreedom.html (accessed: 12.06.2025).

8. J. Soros jahandyq qarjy dağdarysynyñ birinşı tolqyny [The First Wave of the Global Financial Crisis]. [Electronic resource]. URL: <https://library.asue.am/open/2525.pdf> (accessed: 12.06.2025).

9. Minsze Den, Chan Lü (2025). Teñgerilgen büdjet erejeleri boıynşa memlekettik qarjylandyru [Public Finance under Balanced Budget Rules]. [Electronic resource]. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1094202525000067> (accessed: 12.06.2025).

10. B. K. Nomo Beiala, J. P. Fuda Ovundi (2025). Fiskaldyq erejelerdiñ büdjet tapşylyğyna äseri [The Impact of Fiscal Rules on Budget Deficits]. [Electronic resource]. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0147596725000046> (accessed: 12.06.2025).

11. V. Şarma, M. H. Adil, S. Fatima (2024). Ündistandağy büdjet tapşylyğynyñ тұraqtylyğy men kiris-şyğys bailansyn qaita qarau [Revisiting the Fiscal Deficit Sustainability and Revenue-Expenditure Relationship in India]. [Electronic resource]. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S2950524024000209> (accessed: 12.06.2025).

12. Statistikalyq bületen [Statistical Bulletin]. [Electronic resource]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/details/792959?lang=ru> (accessed: 12.06.2025).

13. Statistikalyq bületen [Statistical Bulletin]. [Electronic resource]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/1?lang=ru&title=статистический%20бюллетень> (accessed: 12.06.2025).

14. Statistikalyq bületen [Statistical Bulletin]. [Electronic resource]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/2?lang=ru&title=%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9%20%D0%B1%D1%8E%D0%BB%D0%BB%D0%B5%D1%82%D0%B5%D0%BD%D1%8C> (accessed: 12.06.2025).

15. Işkı memlekettik audit jäne qarjylyq baqylau жүrgizu qağıdalaryn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministriniñ 2018 jylğy 19 nauryzdağy № 392 būiryğy, 118 t. [Order of the Minister of Finance of the Republic of Kazakhstan dated March 19, 2018 No. 392 on approval of the Rules for conducting internal state audit and financial control, 118 pages]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016689> (accessed: 12.06.2025).

16. Qazaqstan Respublikasynyñ ortalıq jäne jergilikti atqaruşy organynyñ zañ qyzmeti turaly ülgı erejenı bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2006 jylğy 9 qaraşadağy N 1072 Qaulysy, 8 t. [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 9, 2006 No. 1072 on approval of the Model Regulations on the Legal Activities of the Central and Local Executive Bodies of the Republic of Kazakhstan, 8 pages]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060001072> (accessed: 12.06.2025).

17. Memlekettik mekemelerde buhgalterlik esepke aludy жүrgizu qağıdalary turaly Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministriniñ 2010 jylğy 3 tamyzdağy №393 būiryğy, 15 t. [Order of the Minister of Finance of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2010 No. 393 on the Rules for Maintaining Accounting in State Institutions, p. 15]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V100006443> (accessed: 12.06.2025).

18. Atqaruşylyq is жүrgizu jäne sot oryndauşylarynyñ мәртеbesi turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2010 jylğy 2 säuirdegi № 261-IV Zañy, 138 b [Law of the Republic of Kazakhstan dated April 2, 2010 No. 261-IV on Enforcement Proceedings and the Status of Court Enforcement Agents, p. 138]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261> (accessed: 12.06.2025).

БОРЬБА С ДЕБИТОРСКОЙ ЗАДОЛЖЕННОСТЬЮ ЧЕРЕЗ АУДИТ: ПУТЬ К СНИЖЕНИЮ ДЕФИЦИТА БЮДЖЕТА В КАЗАХСТАНЕ

Абуов М.Б.

PhD докторант
Академия государственного управления
при Президенте РК
г.Астана, Казахстан
e-mail: m.abuov@apa.kz
ORCID: 0009-0006-5530-5380

Дуламбаева Р.Т.

д.э.н., профессор
Академия государственного управления
при Президенте РК
г.Астана, Казахстан
e-mail: r.dulambayeva@apa.kz
ORCID: 0000-0003-3942-8875

Аннотация. В статье анализируется взаимосвязь дебиторской задолженности, возникшей вследствие финансовых нарушений, с дефицитом государственного бюджета Республики Казахстан. По официальным данным нефтяной дефицит бюджета Казахстана в 2025 году составит порядка 11,0 трлн. тенге. Для покрытия дефицита бюджета Республика Казахстан использует средства Национального фонда, а также внутреннего и внешнего долга. Предлагаются меры по сокращению дефицита бюджета за счет сокращения дебиторской задолженности, законодательное установление лица, ответственного за проведение этой меры, внесение изменений в правила проведения аудиторских проверок с целью предотвращения конфликта интересов в рамках объекта аудита, а также повышение компетенции судей частных судов. В исследовании использовался такой метод исследования, как корреляционный анализ между переменными, а именно между дефицитом и дебиторской задолженностью в государственных учреждениях. Также был проведен GAP анализ разрыва для определения разрыва между текущим положением и желаемым результатом. Для определения силы связи между количественными данными использовался коэффициент Пирсона.

Ключевые слова: дефицит бюджета, финансовые нарушения, конфликт интересов, неналоговые поступления, дебиторская задолженность.

FIGHTING ACCOUNTS RECEIVABLE THROUGH AUDIT: THE WAY TO REDUCING THE BUDGET DEFICIT IN KAZAKHSTAN

Abuov M.B.*

PhD student
The Academy of Public Administration under the
President of the Republic of Kazakhstan
Astana, Kazakhstan
e-mail: m.abuov@apa.kz
ORCID: 0009-0006-5530-5380

Dulambayeva R.T.

d.e.s, professor
The Academy of Public Administration under the
President of the Republic of Kazakhstan
Astana, Kazakhstan
e-mail: r.dulambayeva@apa.kz
ORCID: 0000-0003-3942-8875

Abstract. The article analyzes the relationship between accounts receivable arising from financial violations and the deficit of the state budget of the Republic of Kazakhstan. According to official data, the non-oil deficit of the budget of Kazakhstan in 2025 will be about 11.0 trillion. is tenge. To cover the budget deficit, the Republic of Kazakhstan uses funds from the National Fund, as well as internal and external debt. Measures are proposed to reduce the budget deficit by reducing accounts receivable, legislatively establishing a person responsible for implementing this measure, amending the rules for conducting audit checks in order to prevent conflicts of interest within the audit object, and increasing the competence of judges of private courts.

The study used a research method such as correlation analysis between variables, namely between deficit and accounts receivable in government agencies.

A gap analysis was also conducted to determine the gap between the current situation and the desired outcome. Pearson's coefficient was used to determine the strength of the relationship between quantitative data.

Keywords: budget deficit, financial irregularities, conflict of interest, non-tax revenues, accounts receivable.